PhD докторанты Сапарбек Нұргүл Құрманқызының

«8D04102 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған "Қазақстан аймақтарының тұрақты дамуы: факторлары, бағалау, сценарийлер және іске асыру тетіктері" диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Аймақтардың тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу елдің бүкіл аумағында әлеуметтік-экономикалық және экологиялық даму процестерін реттеуге назарды күшейтуді талап етеді.

Қазақстанда жасыл экономиканы қалыптастыру және ТДМ-ға қол жеткізу жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін көп жұмыстар атқарылуда. Қазақстанның жасыл экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама бекітілді, 2015 жылы қабылданған Париж климаттық Келісімі ратификацияланды, Экологиялық Кодекс әзірленді, 2023 жылы Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы бекітілді. Елдің бұл бағдарламалық құжаттары шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануға және экологиялық - табиғи, энергетикалық және материалды үнемдеу технологияларын пайдалануға, әлеуметтік және мәдени жүйелердің тұрақтылығын сақтауға, биологиялық және физикалық табиғи жүйелердің тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдауды білдіреді.

Басқаша айтқанда, Қазақстанда ел экономикасының барлық аймақтары мен секторларында тұрақты, толық қамтылған және тұрақты экономикалық өсуге жәрдемдесетін, халықтың өмір сүру сапасын арттыруды және төмен көміртекті дамуға көшуді қамтамасыз ететін осындай сценарийлері мен мемлекеттік реттеу тетіктері қажет. Алайда, қазіргі уақытта экономикалық, әлеуметтік, экологиялық рычагтары мен басқарушылық ықпал ету құралдары бір-бірімен тығыз байланысы төмен болғандықтан, аумақтық дамудың ерекшеліктерін ескермейді және жүйелік негізге ие емес деп айтуға болады.

Сондықтан бүгінде тұрақты дамуды аймақтық зерттеудің тақырыбы ретінде алу қажеттілігі туындады, өйткені жергілікті деңгейде, аймақтарда және жекелеген аумақтарда табиғаттың, экономика мен қоғамның өзара әрекеттесуіндегі қайшылықтар мен тәуекелдер айқын көрінеді. Мұндай

зерттеулерді жүргізу үшін, ең алдымен, Қазақстанның аймақтық ерекшеліктеріне бейімделген индикаторлар жүйесімен әдістемелік тәсіл қажет, оның негізінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық дамуының тұрақтылық деңгейін бағалауға болады. Аймақтардың тұрақты даму деңгейін барабар бағалау әрбір аймақтарға қатысты тұрақты дамудың басым бағыттары мен перспективалық сценарийлерін әзірлеуге және оларды іске асыру тетіктерінің кешенін негіздеуге мүмкіндік береді, бұл тұтастай алғанда ел бойынша тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін теориялық және практикалық құндылыққа ие.

Жоғарыда айтылғандар диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауды және оның өзектілігін анықтады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: теориялық және әдіснамалық негіздерді зерттеу негізінде индикаторлар жүйесін әзірлеу және Қазақстан аймақтарының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық деңгейін бағалауды жүзеге асыру, тұрақты аймақтық дамудың перспективалық сценарийлерін және оларды іске асыру тетіктерін әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері: қойылған мақсатты іске асыру келесі міндеттерді шешу қажеттілігін анықтады:

- тұрақты дамудың мәні мен факторларына теориялық көзқарастарды зерттеу;

- Қазақстанның жағдайына бейімделу үшін аймақтардың тұрақты даму процестерін реттеудің перспективалы шетелдік тәжірибелерін таңдауды негіздеу;

- экономиканың, әлеуметтік ортаның және экологияның тұрақтылық деңгейін айқындаудың қолданыстағы әдістемелерін жалпылау негізінде Қазақстан аймақтары үшін қолайлы индикаторлар жүйесін әзірлеу;

- Қазақстан аймақтарының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық деңгейін кешенді бағалауды жүзеге асыру;

- Қазақстан аймаұтарының тұрақты дамуының басымдықтары мен перспективалық сценарийлерін негіздеу;

- тұрақты аймақтық дамуды қамтамасыз ету тетіктерінің кешенін әзірлеу.

Зерттеу нысаны: Қазақстанның аймақтары.

Зерттеу пәні: аймақтық аспектіде ел дамуының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің тенденциялары мен ерекшеліктері.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі шетелдік және қазақстандық ғалымдардың аймақтық аспектіде тұрақты дамуды қамтамасыз ету теориясы мен практикасы бойынша еңбектері болды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамасы тұрақты аймақтық дамудың теориялық және әдістемелік негіздерін, Қазақстан аймақтарының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақтылығына қол жеткізудің басымдықтары мен ықтимал перспективалық сценарийлерін негіздеу, сондай-ақ оларды іске асыру тетіктерінің кешенін әзірлеу болды.

Зерттеудің әдістемелік базасы келесідей әдістер болды: жүйелік тәсіл, салыстыру және жалпылау, жүйелеу, нақтылау, салыстырмалы талдау, бастапқы ақпаратты жинау және оны өңдеу әдістері, экономикалық-статистикалық әдістер, индекстік талдау, топтастыру, рейтингтік бағалау.

Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасын ҚР ҰЭМ Стратегиялық жоспарлау агенттігінің (АӘК) Ұлттық статистика бюросының, аймақтық статистикалық қызметтердің, тұрақты даму мақсаттары бойынша ұлттық есептілік платформасының, медициналық статистиканың, Қазгидрометтің, IQAir платформасының деректері құрады.

Зерттеудің ең маңызды нәтижелері және олардың жаңалығы келесідей:

- тұрақты даму бойынша қолданыстағы теориялардың, тұжырымдамалардың және стратегиялық құжаттардың эволюциясын зерттеу мен жалпылауға сүйене отырып, аймақтардың дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етудің мәні, факторлары мен ерекшеліктері анықталды;

- Қазақстанның жағдайына бейімделу үшін аймақтардың тұрақты даму процестерін реттеудің перспективалы шетелдік тәжірибелерін таңдау негізделді;

- экономиканың, әлеуметтік ортаның және экологияның тұрақтылық деңгейін айқындаудың қолданыстағы әдістемелерін жалпылау негізінде Қазақстан аймақтарының ерекшеліктеріне бейімделген индикаторлар жүйесі әзірленді;

- Қазақстан аймақтарының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық деңгейі бойынша кешенді бағалау жүзеге асырылды және типологиясы айқындалды;

- Қазақстан аймақтарының тұрақты дамуының басымдықтары мен перспективалық сценарийлері негізделді;

- Қазақстан аймақтарының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің экономикалық және институционалдық тетіктерінің кешені әзірленді.

Қорғауға шығарылатын мәселелер:

1) Аймақтардың тұраұтылығын қамтамасыз етудің негізделген мәні, факторлары мен ерекшеліктері;

2) Қазақстан аймақтарының ерекшеліктеріне бейімделген экономиканың, әлеуметтік ортаның және экологияның тұрақтылық деңгейін бағалау индикаторларының әзірленген жүйесі;

3) Қазақстан аймақтарының тұрақты дамуының негізделген басымдықтары мен перспективалы сценарийлері;

5) Қазақстан аймақтарының тұрақты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дамуын қамтамасыз етудің ықтимал сценарийлерін іске асырудың әзірленген экономикалық және институционалдық тетіктері.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: осы диссертацияның нәтижелері Қазақстанның республикалық және жергілікті билік органдары үшін экологияның жай-күйін және әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылық деңгейін мониторингтеудің әдістемелік құралдарының негізіне алынуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: осы диссертацияның нәтижелері ел аймақтарының тұрақты дамуына көшудің ең ұтымды жолдары мен тетіктерін таңдау үшін пайдаланылуы мүмкін. Олар Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, ғылым және жоғары білім, өнеркәсіп және құрылыс, энергетика, экология және табиғи ресурстар министрліктерінде, республикалық және жергілікті басқару органдарында, ҒЗИ мен жоғары оқу орындарында қолданыла алады.

Осы зерттеу **қорытындыларының дұрыстығы мен негізділігі** аймақтар арасындағы диспропорцияларды анықтау мен бағалауға, объективті зерттеу әдістері мен жалпы әдіснамалық қағидаттарды детерминирленген қолдануға, заманауи бағдарламалық өнімдерді қолдана отырып есептеулерді орындауға, талданатын материалдар базасының сенімділігі мен толықтығына теориялық және практикалық тәсілдерге негізделеді.

Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелерін сынақтан өткізу. Диссертация материалдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті BR21882122 «Жасыл өсу контекстіндегі Батыс Қазақстан аймақтарының табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы:

кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер" мегажобасы шеңберіндегі 7.3-міндеті бойынша «ТДМ индикаторларының ҚР аймақтық экономикалық-статистикалық индикаторлар жүйесімен сәйкестігін талдау" және ЖТН AP09259004 "Экономиканың құлдырауын еңсеру жағдайындағы Қазақстанның инклюзивті аймақтық дамуының басымдықтары мен тетіктері" жобасы бойынша іргелі зерттеулер шеңберінде қолданылды.

Жарияланымдар. Осы зерттеудің негізгі ережелері келесідей мақалаларда жарияланды:

- Scopus базасына кіретін импакт-факторы 71-процинтиль бар ғылыми журналдарында 2 мақала;
- Ұжымдық монографиядағы бөлімінде;
- ҚР ҒЖБМ ЖБССҚЕК ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала;
- халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 12 мақала жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Негізгі мәтінде 140 бет, 17 кесте және 5 сурет бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 174 дереккөзден тұрады.